

«Бекітемін»

Мектеп директоры



Е.Ақшалов

«Мамандық таңдау –ең маңызды»

Педагог-психолог: Айғараева К.М.

Қызылорда қаласы

Мақсаты: Мамандық таңдау –ең маңызды.

Максаты:

Оқушыларға қазаргі заманның сұранысы мен балаларының қабілетіне қарай мамандық таңдау, оның негізгі түрлері, классификациялық белгілері, мамандықтар тобы, таңдау әдістерін жетілдіру.

Міндеттері:

- Кәсіптік мамандықтарды таңдаудың негізгі типтарі мен факторлары туралы түсінік беру;
- Кәсіптік бағдар беру;
- Кәсіптік мамандықтарға деген ынта ықыласын анықтау және т.б.

Тренингке қатысатындар: 11 сынып оқушылары.

Тренинг ережесі:

1. Сыйластық.
2. Тыңдай білу.
3. Сөзді бөлмеу.
4. Белсенділік таныту.
5. Шығармашылық.
6. Төзімділік.
7. Түсіністік қарым-қатынас.

Көрнекілігі:

Интерактивті тақта, ақ парақтар, мамандық аттары жазылған карточкалар, доп, т.б.

Әдіс-тәсілдері:

Түсіндірме жұмыстар, дидактикалық ойындар.

Тренинг барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу, тренингке қатысушылардың зейінін сабаққа аудару.

«Танысу жаттығуы»

Шарты: кез-келген оқушыға допты лақтырамын, қағып алған оқушы мамандықтың атын айтып келесі адамға лақтырады. Ойын соңына дейін жалғасады.

Негізгі бөлім: Кіріспе.

Мамандық - қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі. Адам өзінің болашақ кәсібіне әр түрлі жолдармен келеді. Біреулер үшін ойға алған арманның орындалуы, отбасы дәстүрін жалғастырушы, келесі біреулер үшін – жаңалыққа, дербестікке талпыныс, үшінші біреулер үшін - әйтеуір бір мамандық алу керек болған соң, т.б. Мамандықты таңдау үшін, ең алдымен өзін, өз бейімділігін тануы қажет. Дұрыс таңдамаған мамандық әсері мамандық иесінің ғана емес қоғамға кері әсерін тигізеді.

Өз-өзіне «Мен кіммін?», «Осы өмірде менің орным қандай?» деген сұрақ қоймайтын адам кемде – кем. Әлемде 40 мыңға жуық әр түрлі мамандықтар бар. Осы көп салалы мамандықтарға әрине таңдау жасау оңай емес. Ең бастысы – адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қоса алатындай болуы шарт.

Мамандық таңдау - өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйенуі керек. Сондай-ақ өз мамандығының 10-20 жылға дейін өз сұранысын жоғалтпауына көңіл бөледі. Бұл мамандыққа деген бір қалыпты тұрақты сұраныс деп аталады.

Т.б.

Оқушымен жүргізілетін жаттығу:

«Әріпті мамандық» ойыны. Әр топқа бір әріптен беріледі. Қай топ сол әріптен басталатын мамандық аттарын көп тапса, сол топ жеңіске жетеді. Сонымен қатар өздері тапқан мамандықтарының қыр-сырын айту керек.

Оқушылармен жұмыс:

I- топ: «А», II- топ: «Л», III- топ: «М».

«Болашақтан хат» жаттығуы.

Ал, бүгін алғашқы хатты жазып, жаттығып көрейік. Ол үшін сендер өздеріңді мектеп бітіріп қойдым, ересекпін, қызметім бар, жеке өмірім бар деп елестетіндер.

Бұл жұмыс өте қызықты. Тек тапсырмаға шығармашылықпен қатысуға тырысу керек.

«Мамандықты тап» ойыны.

Тренингке қатысушыларға карточкаларға жазылған мамандықтардың аттары таратылады. Ал, олар сол мамандықтарды ыммен көрсетуге тырысуы керек. Қалғандары мамандықты табуы керек.

« Бұл қандай мамандық». ойыны.

Оқушыларға мамандық туралы сипатталып жасырылады , оны мұқият тыңдап жауаптарын табулары керек.

Есінде жүрген жөн болар. (психологиялық кеңес).

1. Мектептегі оқу пәндері нақты мамандық емес. Пәнге деген қызығушылық оған байланысты жұмыстың ұнайтынын білдірмейді. Қалаған мамандықтың мазмұнына көңіл аудару;
2. “Егер мамандық сенің досыңа ұнаса, саған да ұнайды” деген қорытынды жасауға болмайды.
3. Мамандықтың мазмұны, қызықты қырлары, жұмыс тәртібі мен жағдайы туралы сұрақтарға жауап бере алғанда ғана сенің таңдаудағы ой-ниетің салмақтана түспек. Сән қуып, мамандық таңдаудың қажеті жоқ. Оқуды тәмамдап, жұмыс істегенше, ол мамандық сәннен шығып қалуы мүмкін.
4. Алдағы өмірлік жоспарың қандай болмасын, шет тілін үйреніп, компьютерде жұмыс істеуді игерген аса пайдалы. Заманның ағымына қарай кейбір мамандықтар тез ескіріп, оның орнын жаңа мамандықтар басып жатыр. Сондықтан кез-келген жағдайда қосалқы меңгерген мамандық болу керек.
5. Мүмкіндігінше таңдаған мамандығыңның өзіңнің денсаулық жағдайыңа сәйкес келетіндігін ескеру қажет.

Бүгінгі тренингтен не алдым...

Тренингтен алған әсерің.

Оқушылар өздерінің бүгінгі тренингтен алған әсерлерін, көңіл-күйлерін ортаға салады.

Қорытындылау.

Сабақтағы белсенділіктеріңізге рахмет!

Хаттама.

2025 жылдың наурыз айының 18 күні оқушыларға қазаргі заманның сұранысы мен балаларының қабілетіне қарай мамандық таңдау, оның негізгі түрлері, классификациялық белгілері, мамандықтар тобы, таңдау әдістерін жетілдіру мақсатында «Мамандық таңдау –ең маңызды» атты тақырыбында 11 сынып оқушылары арасында түзету –дамытушылық жұмыс жүргізілді.

Тренинг барысында танысу жаттығуымен басталып, мамандық таңдаудың қиындықтары жайында айтыла келе, мамандықты қалай таңдау қажеттігі жайында ақыл-кеңестер берілді.

Оқушылармен түрлі жаттығулар, ойындар ойналып, тренинг барысында психологиялық кеңестер берілді.



Ұсыныс: Алдағы өмірлік жоспарың қандай болмасын, шет тілін үйреніп, компьютерде жұмыс істеуді игерген аса пайдалы. Заманның ағымына қарай кейбір мамандықтар тез ескіріп, оның орнын жаңа мамандықтар басып жатыр. Сондықтан кез-келген жағдайда қосалқы меңгерген мамандық болу керек.

Мүмкіндігінше таңдаған мамандығыңның өзіңнің денсаулық жағдайыңа сәйкес келетіндігін ескеру қажет. Т.б.

Педагог-психолог:



Айғараева К.М.